

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңесіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 мамыр N 514. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.25. N 1174 қаулысымен.

2000 жылғы 25 қаңтардағы Монополияға қарсы келісілген саясат жүргізу туралы шарттың 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің төрағасы Ерболат Асқарбекұлы Досаев пен Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері болып тағайындалсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі